

С.Д.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА


# СӨЖ: Балалардағы жұқпалы аурулар мен ішек инвагинациясына дифференциалды диагностика жасау

Дайындаған: Срайыл Б

Қабылдаған: Түрлекиева Ж

Тобы: ЖМ14-16-1к

**Инвагинация дегеніміз-ішектің  
бір бөлігінің екінші ішектің  
қуысына енуін айтамыз.**



# Пайда болу себебі:



- Тамақтану мерзімі мен оның құрамының өзгеруі, әсіресе қосымша тамақ беру
- Асқазан-ішек аурулары
- Энтеровирусты инфекциялар
- Туа біткен баугин қақпақшаларының жетіспеушілігі
- Ішектердің қабатының өсіндісі
- Ішек ісіктері, ішектің туа біткен ісіктері
- Ішектің туа біткен тарылуы

# Жіктелуі:

1. Жіңішке ішек инвагинациясы
2. Мықын-тоқ ішек инвагинациясы
3. Соқыр-тоқ ішек инвагинациясы
4. Тоқ ішек инвагинациясы
5. Сирек кездесетін инвагинация

# Клиникалық белгілері:

- Ауырсыну сезімі
- Құсу
- Нәжістің бөгелуі, ауа жиналуы
- Нәжісте таңқурай түсті” қан және шырыш шығады



# Салыстырмалы анықтау:

Ішек инвагинациясын

- Дизентерия
- Диспепсия
- Жедел аппендицит
- Шенлейн-Генох ауруларымен салыстырмалы түрде ажыратады.



# Жедел аппендицит

- Белгілері:
- Іштегі ауру сезімі кіндік маңынан басталып, оң жақ мықын аймағына тұрақталады
- 1-2 құсу болады
- Дене қызуы 37,5-38 С

Инвагинациядағы сияқты баланың шырылдап жылауы, қайта-қайта құсу, құрсақ қуысындағы шұжық анықталмайды. Нәжісінде қан мен шырыш болмайды. Тек жедел аппендицит перитонитке асқынғанда ғана инвагинациядан ажырату қиын болады.



# Меккель дивертулының пептикалық ойық жарасы

- Белгілілері:
- Іште тұрақсыз ауру сезімі, тік ішектен тұрақта қан ағу болады, соның салдарынан қан құрамын зерттегенде балада қан аздығы байқалады.

Бірақ инвагинацияға тән құсу, үлкен дәретінде таңқурай түсті қан мен шырыш анықталмайды. Ішінде шұжық анықталмайды.

**Дизентерия (қантышқақ) - жалпы уыттану (интоксикация) белгілерімен және асқазан-ішек жолдарының, оның ішінде тоқ ішектің шеткі (дисталды) бөлігінің зақымдалу белгілерімен сипатталатын жұқпалы ауру.**

- Белгілері:
- Баланың шырылдап қолды-аяққа тұрмай жылауы, одан соң 5-10 минутта тыныштық кезеңі
- Нәжісі сұйық, ірің мен қан түйіршіктері байқалады
- Құрсақ қуысын тексергенде инвагинацияға тән “шұжық” анықталмайды

**Геморрагиялық васкулит(Шенлейн-Генох)**-микротамырлардың қабырғасының асептикалық қабынуымен және микротромбтардың түзілуімен сипатталатын, тамыр және ішкі ағза зақымдалуымен ерекшеленетін жүйелік васкулиттер тобының ауруы

- Белгілері:
- Ұзаққа созылмайтын, тұрақсыз жедел іш ауруы
- Құсады
- Нәжісі мен құсығында қан болуы мүмкін
- Нәжісте шырыш байқалмайды
- Іштегі шұжық анықталмайды

## Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Балалардың құрсақ қуысы ауруларының хирургиясы. Б.К.Дженалаев, Н.Н. Ақпаров, Қ.Тұрсынов
2. [www.google.com](http://www.google.com)



*Назар  
аударғандарыңызға  
рахмет!*